

## Қаржы департаменті

Университетті ұстап тұруға кіріс түсімдерін жоспарлау кезінде республикалық бюджеттен жүзеге асырылатын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарын даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орындағаны үшін қаржыландыру сомалары ескеріледі:

- 1) Ғылым және жоғары білім министрлігі;
- 2) Денсаулық сақтау министрлігі;
- 3) Түркістан облысының білім басқармасы.

Білім беру ұйымдарында жоғары білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырмасын оқыту құны жыл сайын Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті қаулысымен бекітіледі. Республикалық бюджеттен түсетін кірістер көлемі грант бойынша оқитын студенттер контингентіне тікелей байланысты.

Келесі, Қазақстан Республикасының бюджет қаражатының көлемімен тең түсетін, кіріс түсімдерінің көзі Түркия Республикасынан қаржыландыру болып табылады (Ескерту: университетті ұстау тепе-тең негізде жүргізіледі). Қаржыландырудың үшінші көзіне студенттерді ақылы негізде оқытқаны үшін ақшалай қаражат түсімдері жатады. Қаржыландырудың өзге де көздеріне шаруашылық шарттық жұмыстарды орындағаны, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінен және Түркия Республикасының бюджетінен ғылыми зерттеулер жүргізу жөніндегі қызметтерді қаржыландырғаны үшін кірістердің түсімі (грант) жатады. Қаржыландыру көздерінің тұрақтылығы үшін студенттер, магистранттар, докторанттар санының өсуі қажет, өйткені қаржыландыру көздерінің тұрақтылығы білім алушыларды университетке жыл сайын қабылдауға, біздің ғалымдардың грант бойынша тендерге қатысуына, ғылыми-зерттеу шарттық жұмыстарды орындау бойынша Тапсырыс алуға тікелей байланысты. Төмендегі кестеде университеттің соңғы 5 (бес) жылдағы кірістері туралы мәліметтер келтірілген:

### Кесте 1. Деректер мың теңгемен

Кірістер	Жылдар				
	2019	2020	2021	2022	2023
	6 812 351,1	8 957 194,4	11 233 242,3	12 417 515,4	13 230 018,6

Кестеден көріп отырғанымыздай, университет кірісінің түсімі тұрақтылықпен сипатталады.

Университет шығындарын жоспарлау кезең кезеңімен жүзеге асырылады:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 қарашадағы №596 бұйрығы негізінде университеттегі білім алушылардың санына қарай қызметкерлердің саны айқындалады. Министрліктің бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 қарашадағы №597 ҚР БҒМ м.а. 20 қазандағы 2020 жылғы №452 бұйрығы.

2. Жылдағы еңбекақы қоры университеттің Өкілетті Кеңесінің 2024 жылғы 24 ақпандағы №76 Мәжілісінде бекітілген «Еңбекақы төлеу регламенті» негізінде және университеттің Өкілетті Кеңесінің шешімі негізінде Түркия бюджетінен профессорлық-оқытушылық құрамға төленетін қосымша әлеуметтік төлемдердің көлемі айқындалады.

3. Салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жоспарлау ҚР Салық кодексіне сәйкес жүргізіледі.

4. ТМҚ сатып алуды жоспарлау университеттің барлық бөлімшелерінен келіп түсетін өтінімдерге негізделеді.

5. Коммуналдық қызметтерді жоспарлау (жылумен жабдықтау, электр энергиясы, су, кәріз және т.б.) нормативтік құжаттаманың есебі негізінде жүзеге асырылады.

Жыл сайын университет Сенатының отырысында ағымдағы жылғы бюджеттің орындалуы туралы есептілік және келесі жылға арналған университет бюджетінің көрсеткіштерін жоспарлау жүргізіледі.

2009 жылғы 22 қазандағы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Түркия Республикасы Үкіметінің арасындағы Х. А. Ясауи атындағы ХҚТУ қызметінің шарттары туралы Келісімнің 11-бабына сәйкес, (23.12. 2010 жылғы өзгерістермен) (ҚР 2012 жылғы 9 қаңтардағы №531 – IV Заңымен ратификацияланған) университет қызметін кешенді тексеруді, сондай-ақ бақылауды жылына бір реттен артық емес Өкілетті Кеңес (университеттің жоғары басқару органы) және екі мемлекеттен: Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасынан мүшелерінің тең санынан тағайындалған комиссиядан тұрады. Сондай – ақ, аталған баптың негізінде Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының мемлекеттік органдары өз құзыреті шегінде университеттің жоспарлы тексерулерін жылына бір реттен артық емес, ал жоспардан тыс тексерулерді екі мемлекеттің: Қазақстан мен Түркияның ұлттық заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға құқылы. Университеттің қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (ХҚЕС) бойынша жүзеге асырылады, ХҚЕС-ке көшу 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап жүзеге асырылды. Жылына бір рет ҚР ҒЖБМ және ҚР ДСМ-ге қаржылық есептілік ұсынылады. Ай сайын ҚР ДСМ-ге және тоқсан сайын ҚР ҒЖБМ-ге орындалған жұмыстардың актілері ұсынылады. Салық есептері электрондық түрде ұсынылады, салық қызметі тарапынан камералдық бақылау жүзеге асырылады.

Университет жоғарыда аталған Келісім шеңберінде әрекет ете отырып, Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының Білім және ғылым саласындағы достық пен ынтымақтастықты дамыту ісіне қызмет етеді, бүкіл түркітілдес әлемнің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар білікті мамандарды даярлау ісіндегі іргелі ұзақ мерзімді инвестициялық жоба болып табылады.

Университеттің меншігінде қуатты материалдық-техникалық база орналасқан. Түркия бюджетінің қаражатына салынған, электронды кітапхана қол жетімді заманауи жабдықтармен жабдықталған 690 орындық ғылыми кітапхана, ал кітапхананың оқу залдарында студенттер мен оқытушылардың жұмысы мен оқуы үшін қолайлы жағдайлар жасалған. Университетте

университеттің тақырыптық жоспары бойынша оқу-әдістемелік әдебиеттер (оқу құралдары, монографиялар, әдістемелік құралдар және т.б.) шығаруды, университеттің қызметтері мен бөлімшелерінің бланкілік өнімдерін шығаруды жүзеге асыратын баспахана бар. Оқу процесі 15 (он бес) оқу және 2 (екі) әкімшілік корпуста орналасқан үй-жайларда өтеді. Медицина факультетінің оқу зертханалары мен симуляциялық орталығы, Университет жанындағы клиника, 88 алаңға созылған ботаникалық бақ (сексен сегіз гектар және Яссы қонақ үй кешені, университеттің мәдени орталығының ғимаратында орналасқан өндірістік орталық, екі мұражай (археология және тарих) студенттерге эксперименттік база ретінде қызмет етеді, студенттерімізге теориялық біліммен қатар білім алуға мүмкіндік береді және практикалық дағдылар. Барлық оқу ғимараттарында оқу сабақтарын өткізуге арналған спорт залдары, жыл бойы жұмыс істейтін жүзу бассейні бар. Алғашқы көмек көрсету және университет студенттері мен қызметкерлерінің денсаулығын сақтау бойынша жыл сайынғы профилактикалық іс-шараларды өткізу үшін медициналық амбулатория құрылып, жұмыс істейді. Нысаналы қаржыландыру бойынша бөлінген түрік бюджетінен қаражатқа спорт кешені, корттар, спорт алаңдары мен футбол алаңы салынып, мүкәммалмен жарақтандырылды.

Өнер және спорт факультеті үшін арнайы салынған ОБК ғимаратында спорт залы, ал ғимараттың ауласында республикалық және халықаралық ауқымдағы спорттық іс-шараларды өткізуге арналған стадион бар. 3 221 (үш мың екі жүз жиырма бір) орынға арналған 8 (сегіз) жатақханада оқу залдары, интернетке қосылу, қызығушылық клубтары, ыстық тамақ дайындауға арналған тұрмыстық бөлмелер бар, тұрудың санитарлық-гигиеналық нормалары қамтамасыз етілген. Күн сайын 500 (бес жүз) орынға арналған университет асханасы студенттер мен қызметкерлерді тамақпен қамтамасыз етеді, олардың мәзірін технологтар бақылайды. Студенттер үшін тағам бағасының төмендігі және спортшылар үшін жеңілдікпен тамақтану қарастырылған. Университет әкімшілігі сонымен қатар 72 (жетпіс екі) пәтер құрайтын 10 (он) коттедже профессорлық-оқытушылық құрамның тұруы үшін ең жақсы жағдай жасауға ерекше назар аударады. Жазда университет қызметкерлері мен студенттері үшін демалыс аймақтары жұмыс істейді: Машат лагері және Торанкөл көлі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы №122 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы профессор-оқытушылар құрамына ұсынылатын педагогикалық жүктемесін және ең төменгі жалақысын айқындау туралы жоғарыда жазылған қаулыға және бұйрықтарға байланысты университет қызметкерлерінің жалақысы 2021 жылғы 1 қыркүйектен бастап 20% - ға дейін өсті.

Сондай-ақ, университетте профессор-оқытушылар құрамын материалдық ынталандыру және педагогикалық құрам дәрежелілігінің үлесін арттыру мақсатында түрік бюджетінен жалақыға қосымша сараланған әлеуметтік төлемдер төленеді.

2021 жылы университет шығыстарының жалпы көлемінде

персоналдың жалақысының үлесі 70%-ды құрады.

Жыл сайын университеттің материалдық-техникалық базасын жаңарту, жаңғырту, жарақтандыру жүргізіледі. Төменде университеттің оқу мақсаттары үшін 4 (төрт) жыл ішінде материалдық құндылықтарды сатып алуы туралы мәліметтері 2-кесте келтірілген:

**Кесте 2. Деректер мың теңгемен**

<b>№</b>	<b>Атауы</b>	<b>2018</b>	<b>2019</b>	<b>2020</b>	<b>2021</b>	<b>2022</b>
1	Компьютерлер	39 426,44	101 700,74	56 653,11	145 470,16	13 581,2
2	Ұйымдастыру техникасы	17 202,98	68 681,27	65 644,76	63 180,03	30 427,5
3	Зертханалық жабдық	3 443,00	104 225,70	21 200,27	42 410,43	12 300,3
4	Кітапхана қоры	18 594,83	50 452,25	34 362,10	3 441,76	45 345,0
5	Өзге де техника	18 408,45	23 228,94	40 175,61	70 988,40	151 511,4
6	Оқу процесіне жиһаздар			2 170,56	145 470,16	27 226,4
	<b>Барлығы</b>	<b>97 075,70</b>	<b>348 288,89</b>	<b>220 206,41</b>	<b>325 490,77</b>	<b>280 391,8</b>

Университет құрылымында Шымкент және Кентау қалаларында орналасқан 2 (екі) институт бірыңғай білім беру циклінің тармақтары, университеттің ғылыми әлеуетінің негізін құрайтын және оқытушылық қызметімен қатар мемлекеттік грант бойынша ғылыми ізденістерді орындайтын 6 (алты) ғылыми-зерттеу институттары болып табылады.

Университетті газдандыруы коммуналдық қызмет шығындарын 15-17% - дан 4-7% - ға дейін қысқартты. Университеттің дизель отынымен жұмыс істейтін және университеттің барлық оқу және әкімшілік ғимараттарын жылумен қамтамасыз ететін жеке қазандық шаруашылығы бар, жарықпен үзіліс болған жағдайда электр энергиясы бойынша резервтік депо – қосалқы станция бар. Байланыс қызметі, университеттің телефон-коммутатор станциясы болған жағдайда, шетелдік серіктестермен табысты байланыс орнатуға көмектеседі. Яғни, қойылған міндеттерді лайықты орындау үшін барлық жағдайлар жасалған.

Университеттің меншігінде жалпы саны 51 (елу бір) бірлікті құрайтын үлкен автошаруашылық бар, бұл университетке бөгде ұйымдардың

көлік қызметтерін тартпай-ақ жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Университет қызметтері мен бөлімшелерінің қызметкерлеріне қолайлы еңбек жағдайларын қамтамасыз ету үшін жұмыс орындарын жарақтандыру жыл сайын жүргізіледі. Төменде 2018 - 2022 жылдары университеттің қызметтері мен бөлімшелері үшін материалдық құндылықтарды сатып алу бойынша мәліметтер 3-кесте келтірілген:

**Кесте 3. Деректер мың теңгемен**

<b>№</b>	<b>Атауы</b>	<b>2018</b>	<b>2019</b>	<b>2020</b>	<b>2021</b>	<b>2022</b>
1	Тұрмыстық техника	12 688,21	17 276,01	12 932,98	26 262,86	24 267,10
2	Жиһаз	18 015,63	52 680,89	14 015,14	14 418,19	117 006,80
3	Өзге де техника	3 5 720,24	5 952,93	11 750,47	44 725,54	355 084,00
	<b>Барлығы</b>	<b>38 442,08</b>	<b>77 928,83</b>	<b>40 718,59</b>	<b>87 427,59</b>	<b>496 357,90</b>

Университеттің даму динамикасы тұрақтылықпен сипатталады, өйткені кірістер мен шығыстардың көрсеткіштерін жоспарлау кезінде тәуекелдер ескеріледі (грант бойынша оқуға түсетіндерді қабылдау, халықтың төлем қабілеттілігі төмен болған кезде ақылы оқу кезінде кірістердің түсуі, оқу бойынша жеңілдіктер беру, студенттік асханада тамақтануды арзандату, студенттерге тегін жатақхана беру және т. б.), белгілі бір ауқымды іс-шараларды өткізудің өзектілігі, негізгі құралдарды сатып алу қажеттілігі және т.б. Университет бюджетінде кіріс бөлігінің жоспарланған түсімдерінің көлемінің төмендеуіне әкелетін теріс көрсеткіштер болған кезде дамудың баламалы жолдары да қарастырылады: ТМҚ сатып алу және шығынын, коммуналдық шығындарды қатаң үнемдеу белгіленеді, штат санын оңтайландыру және қолда бар мүмкіндіктерді оңтайлы пайдалану жөніндегі басқа да іс-шаралар жүргізіледі.